

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы Электр және пошта байланысы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту жөнінде

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 21 сәуір N 365

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1997 жылғы 2 маусымда Алматыда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы Электр және пошта байланысы саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы

Үкіметінің арасындағы электр және пошта

байланысы саласындағы ынтымақтастық туралы

КЕЛІСІМ

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 1999 ж., N 4, 68-құжат)

(1998 жылғы 7 мамырда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,

Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 72 бет)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі бұдан былай "Жақтар" деп аталады,

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы халықтарының арасында теңдестік және өзара пайда көру ынтымақтастығына негізделген бұрыннан бар байланысқа ұмтылысты басшылыққа ала отырып,

байланыс саласындағы екіжақты қатынастың Әлемдік пошта одағы Актілерінің қағидаларына және Халықаралық электр байланысы одағының кепілдемелеріне, сондай-ақ өзге халықаралық шарттарға сай қатаң қалыптасуын ескере отырып,

байланыс саласында өзара әрекеттесу мен ынтымақтасу өзара көмек беру негізінде
д а м у ы н е с к е р е о т ы р ы п ,

Жақтар арасында үздіксіз байланыспен жұмыс атқарылуын қамтамасыз ету үшін құқылық, экономикалық және технологиялық тығыз қарым-қатынастарды орнатуға

ы н т а л а н а

о т ы р ы п ,
т ө м е н д е г і л е р т у р а л ы к е л і с т і :

1 - б а п

Жақтар Бүкіләлемдік Пошта Одағы Актілерінің қағидалары мен Халықаралық Электрбайланысы Одағының кепілдемелеріндегі жалпы қабылданған нормалар мен халықаралық құқылық принциптерге сай, өздерінің өкілеттіктері мен мүмкіншіліктерінің көлемінде әрекет жасай отырып, электр және пошта байланысы саласында ынтымақтастықты жалғастыратын және кеңейтетін болады.

2 - б а п

Пошта мен электрбайланысын ұйымдастырудағы бар өзгерістер туралы, сондай-ақ байланыс қызметі үшін өзара есеп-қисап тәртібі туралы Жақтар осы өзгерістер басталар күннен 3 ай бұрын алдын ала бір біріне хабарлайтын болады.

Жақтар өз мемлекетінің аумағы арқылы пошта жіберілімдерінің, арнайы байланыстың барлық түрлерін, сондай-ақ электрбайланысы өзара пайдалы жағдайда теледидар және радиохабар бағдарламаларының хабарын жүзеге асырады.

3 - б а п

Осы Келісімді орындау бойынша Жақтардың өкілеттенген атқарушы органдары м ы н а л а р :

Қазақстан Республикасынан - "Қазақтелеком" (ААҚ) Ашық акционерлік қоғам және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Республикалық мемлекеттік пошта байланысы кәсіпорны (РМПБК);

Өзбекстан Республикасынан - Өзбекстан Республикасы Байланыс министрлігінің халықаралық есеп-қисап және шарттар Орталығы (ХЕҚЖШО).

Байланыс қызметін көрсету жөнінде барлық есеп-қисаптар Жақтар мемлекеттерінде қолданылып жүрген заңдарға сай жүзеге асырылатын болады.

4 - б а п

Жақтар үшінші мемлекеттерде және тиесілі халықаралық ұйымдарда байланыс әкімшілігінің қызметіне кедергі жасайтын немесе қиындататын кемсіту шараларын бір-біріне қатысты қолданбайтын болады.

5 - б а п

Жақтар екі өкіметтің немесе тиісті ведомстволардың арасындағы шарттармен және келісімдермен белгіленген көлемде, өз мемлекетінің аумағында екінші Жақтың кезеңді шығармалар мен радио және теледидар бағдарламаларын жаздыру және бөлшек саудамен ұйымдарда тарату жағдайында бір-біріне көмек көрсетеді.

6 - б а п

Жақтар қызмет көрсетуге қатысатын барлық байланыс кәсіпорындары тұтынушыларға дер кезінде және сапалы қызмет көрсетуге тең жауапты болатындығы туралы келісті. Халықаралық байланыстарда сапасыз жұмыс атқару шағымын қарау тәртібі Бүкіләлемдік пошта одағы және Халықаралық электрбайланысы одағының актілерімен анықталады.

7 - б а п

Жақтар байланыс кәсіпорындарындағы телефонистер, телеграфшылар, техникалық персоналдар, пошта қызметкерлерінің арасында қызметтік ақпараттармен алмасу үшін, сондай-ақ қызметтік құжаттармен айырбастау үшін орыс тілін пайдалануға келісті.

Жақ елдеріндегі жөнелтілетін пошта жіберілімдері мен жеделхаттардың мекен-жайлары орыс тілінде ресімделеді, сондай-ақ латын әріптерімен жазылған пошта жіберілімдерін жөнелтуге рұқсат етіледі.

Жеделхат мәтіндері латын әріптерімен қабылдануы және тапсырылуы мүмкін.

8 - б а п

Мемлекетаралық қатынастар хабары мен ақпараттарды мәлімдеу кезінде Жақтар байланыс кәсіпорындарында бірыңғай мәскеу есеп беру-уақытысын пайдаланады.

9 - б а п

Жақтар қолданылып жүрген технологиялық процесстерге сай

оперативті-техникалық басқару жүйесін өзара әрекеттестіруге уағдаласты.

Жақтар төтенше жағдайлар болғанда байланыс құралдары арқылы басымдық хабарлар қатынасын қамтамасыз етеді.

Жақтар мемлекетаралық байланыс желілеріндегі апат зардабын жою кезінде өзара көмек көрсетеді.

Қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде өзара әрекет жасау тәртібі Жақтардың байланыс әкімшілігімен әзірленеді және келісіледі;

Қазақстан Республикасынан - Көлік және коммуникациялар
министрлігі,

Ўзбекистон Республикасынан - Байланыс министрлігі.

10-бап

Жақтар мемлекетаралық маңызы бар байланыс объектілерін салу және пайдалану нормалары мен ережелерін үйлестіруге келісті.

11-бап

Жақтар арасындағы келісімдерде, байланыс саласындағы байланыс мекемелердің қарым-қатынастарында пайда болған даулы мәселелерді реттеу тәртібі белгіленбесе, бұл тәртіпті олар жасалған келісімдерде өздері белгілейді.

12-бап

Жақтар қажет болған жағдайда, өзаралық уағдаласу бойынша Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамамен осы Келісімді өзгертуі және толықтыруы мүмкін.

1 3 - б а п

Осы Келісім дипломатиялық арналар бойынша олардың мемлекет ішінің процедураларын орындағаны туралы соңғы мәлімдеме алған күнінен бастап күшіне е н е д і .

Осы Келісім Жақтардың бірі дипломатиялық арналар бойынша жазбаша нысанмен соның күшін тоқтататыны туралы өзінің ниетін екінші Жаққа мәлімдегенге дейін күшінде болады. Осы Келісімге қатысуға қарсылық білдірілгені және оның міндеттемелерінің толық орындағаны жөнінде мәлімдеме алынған күннен соң алты ай өткенде осы Келісім

күшін жоятын болады.

1997 жылы 2 маусымда Алматы қаласында екі данада, әрқайсысы қазақ, өзбек және орыс тілдерінде, әрі барлық мәтіндердің күші заң жүзінде бірдей жасалды.

Осы Келісімнің қағидаларын түсіндіруде кез келген өзгешеліктер болған жағдайда, негіз ретінде орыс тіліндегі мәтін қабылданады.

Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК